

ӘОЖ 070

А.Қ. Ислямбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: estrella0312@mail.ru

### Қазақстандағы қазақ тілді және орыс тілді контенттердегі мәдени аспектілердің дамуы

Мақала отандық қазақ тілді және орыс тілді контенттегі мәдени аспектілердің ерекшеліктері мен дамуына арналған. Бірінші бөлімде қазақ тілді сайттардың ішінде танымал қоғамдық-саяси www.abai.kz порталының ерекшелігі айтылады. Екінші бөлімде жастар арасында үлкен сұранысқа ие қазақ тілді танымдық, ойын-сауық www.massaget.kz сайтындағы материалдардың берілу өзгешеліктері сөз етіледі. Сонымен бірге алғашқы екі бөлімде қазақ тілді контенттегі аудиторияның сұранысына талдау жасалып, екі сайттың соңғы бір айдағы көрсеткіштеріне мазмұндық талдау жасалады. Әр сайттың ұстанған бағыты мен болашағына болжамдар айтылады. Үшінші бөлім еліміздегі көшбасшы орыс тілді ақпараттық сайттардың бірі www.tengrinews.kz сайтының аудиториясы мен өзіндік ерекшелігіне арналған. Төртінші бөлім www.zakon.kz сайты ұсынған тақырыптардың салалылығы жөнінде болмақ. Екі контентті талдау барысында сайттардағы ең көп оқылған материалдар арқылы оқырман сұранысы анықталды. Қорыта айтқанда, қазақ тілді және орыс тілді сайттарда берілетін материалдар тақырыптық жағынан өзгешелеу екенін ұғындық.

**Түйін сөздер:** жаңа медиа, қазақ тілді контент, орыс тілді контент, мазмұндық талдау, мәдени аспекті, сайт аудиториясы, аудитория сұранысы.

A.K. Islyambekova

### Developing culture aspects in Kazakh-language and Russian language contents in Kazakhstan

The article is devoted to developing culture aspects in Kazakh-language and Russian-language contents. First chapter assesses popular Kazakh-language social and political web-portal www.abai.kz. Second chapter discusses popular Kazakh-language web-site among young people www.massaget.kz. In both chapter are given analysis to prefer audition of two contents. Then we did content-analysis with statistic data from last month. Third chapter talk about directions of Russian languages web-site Fourth chapter covers themes of articles from www.zakon.kz. In the during research of two contents take into consideration popular materials and attendance at web-sites. In conclusion I would say that materials of Kazakh-languages web-sites differs that Russian-language web-site in Kazakhstan. In addition I want to say that improving Kazakh-language web-sites depend young people.

**Key words:** new media, Kazakh-language content, Russian-language content, content-analysis, culture aspect, audience of web-site, demand of audience.

А.К. Ислямбекова

### Развитие культурных аспектов в казахскоязычных и русскоязычных контентх Казахстана

Статья посвящена развитию культурных аспектов в казахскоязычных и русскоязычных контентх Казахстана. Рассматривается контент таких сайтов, как www.abai.kz, www.massaget.kz, www.tengrinews.kz, www.zakon.kz. Автор приходит к выводу, что материалы, опубликованные в казахскоязычных и русскоязычных сайтах Казахстана, отличаются по тематике.

**Ключевые слова:** новые медиа, казахскоязычный контент, русскоязычный контент, контент-анализ, культурный аспект, аудитория сайта, спрос аудитории.

Бүгінгі ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған заманда журналистика саласында өзара ақпараттық ықпалдасудың негізгі де басты міндеті – бұқаралық аудиториямен, әлеуметтік институттармен байланыс орнату. Сондықтан журналистиканың табан тірер функциясы – коммуникациялық (лат. communication – хабарлама жолы, байланыс пішіні) функция. Журналистика идеологиялық әлеуметтік бағдарлаушы ретіндегі, яғни аудиторияның дүниетанымына, көзқарасына әсер етіп, құндылықтарды анықтауда бағыт-бағдар беру, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, ағарту және тәрбиелеу, мәдениет тарату, қоғамдық процестерді реттеу және қадағалау, азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау сынды қызметтерге жауап беретіні белгілі [1]. Сондықтан қазіргі таңда көкейкестілігін жоғалтпаған мәселе деп Қазақстандағы қазақ тілді және орыс тілді БАҚ-та ақпарат берудегі мәдени аспектілердің дамуы дер едім. Себебі, әрқайсысының тұтынушысы, ақпарат берудегі ерекшеліктері, ұстанатын қағидалары да әрқалай.

Еліміздегі медиакеңістіктегі қазақ тілді және орыс тілді БАҚ құралдарының ақпарат беру мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеу барысында Nilanjana Bardhan, C. Kay Weaver «Public relations in global cultural contexts», Г. Першке «Журналистика как отрасль духовного производства», Н. Омашев «Қазақ журналистикасының» 3-ші томы сынды кітаптар мен [www.spik.kz](http://www.spik.kz), [www.zero.kz](http://www.zero.kz) сайттарын басшылыққа алдым.

Ғылыми мақаламды бастамас бұрын «Қазақ тілді БАҚ-та берілетін қандай тақырыптар көпшіліктің назарын аудартуда?», «Еліміздегі орыс тілді БАҚ-та қандай тақырыптар ел қызығушылығын тудыруда?», «Қазақ тілді және орыс тілді БАҚ-ты сараптай келе, отандық медиакеңістіктегі ақпараттардың мәдени ерекшеліктерін анықтауға бола ма?» сынды сауалдарға жауап іздеуді мақсат тұттым.

Мақаламның басты нысаны ретінде елімізде кеңінен танымал қазақ тілді [www.abai.kz](http://www.abai.kz), [www.massaget.kz](http://www.massaget.kz) және [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz), [www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz) ақпараттық интернет-сайттарын қолдандым. Бұл ақпараттық сайттардың жұмысы арқылы отандық интернет кеңістіктегі мәдени аспектілердің дамуын анықтағым келді. Мазмұндық талдау жасап, 2014 жылдың қазан (1 ай) айындағы көрсеткіштерге сүйене отырып дайындадым.

Ақпарат дәуірі аталатын бүгінгі заманда журналистика көз ілеспес жылдамдықпен даму-

да. Бүгінде ақпарат бірлігін битпен өлшейтінін білеміз. 8 бит 1 байтқа тең келеді. Осы 1 байт көлемі әліпбидегі 256 символды танытатын ақпараттық өлшем саналады. 1 секундте 1 млн байт ақпаратты тасымалдауға болатын заманда өмір сүріп келеміз [2]. Сол үшін де технологияның осындай мүмкіндіктері журналистика саласындағы ақпарат пен оқиғалардың жылдамдығына кепіл бола алады. Осы орайда интернет-журналистикадағы ақпараттық сайттардың алатын орны бөлек. Алайда отандық ақпараттық сайттар қазақ тілді және орыс тілді контенттерге бөлінгендіктен, олардың да өзіндік ерекшеліктері де, ұқсастықтары да бар. Енді осыны негізге ала отырып, сараптап көрейік.

*www.abai.kz сайтының ерекшеліктері*

Қазақтілді [abai.kz](http://abai.kz) ақпараттық сайтының отандық БАҚ ішінде өзіндік орны бар. «Қазақстандағы интернет» жинағына сүйенсек, 2010 жылы бұл сайтты бір күнде қолданушылар саны 500 адам болған екен. Ал қазір бұл көрсеткіш 5-6 мың адамды құрап отыр. Бұл қазақстандық интернет-сегментінің қарқынды түрде өсіп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қоса бұл сегмент сандық қана емес, сапалық жағынан да өсіп келеді.

Қоғамдық қайраткерлер мен журналистер қазақ тілді интернет сайттардың рөлі күшейіп келе жатқанын жасырмайды [3]. Мәселен, белгілі бір мәселе қазақ тілді де, орыс тілді де сайтта жазылса, қазақ тілді сайтта бұл ақпарат елдік тұрғыдан көбірек талданады. Бұнымен толық келісуге болады.

Десек те, ұлттық тақырыптар контент пайдаланушы санын көбейту үшін қажет деген де пікірлер кездесіп жатады. Мәселен, [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайтында ең көп оқылатын тақырыптар ретінде тарих, тіл, елдік мәселелерді айтуға болады. Қазан айындағы мәліметтерге сүйенсек, «Қазақтілді қоғамның ықпалы бар ма?» деген мақала 1992 рет оқылып, ең көп танылған материалдар қатарында. Бұл тізімде саясат және мәдениет жаңалықтары да бар.

Қазан айында сайтты қолданған адамдар саны 275 887 болса, соның 75964-і тұрақты оқырманы, 140797-сі жаңадан қосылған пайдаланушылар.

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қазақ тілді сайттарды пайдаланушылардың басым бөлігі еліміздің оңтүстік және батысында тұратын жасы 25 пен 40 аралығындағы азаматтар. Ал кәсіби деңгейіне тоқталсақ, олар көбінесе журналистер, мемлекеттік қызметшілер, білім саласының

қызметкерлері. Десек те, мамандар қазақ тілді сегментті пайдаланушылар аудиториясы толық қалыптасып үлгермегенін жасырмайды.

Мәселен, сөз етіп отырған [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайты өз қолданушыларының санын 7000-ға дейін өсіргенімен, сайттың бір күнгі пайдаланушыларының саны 5000-ға дейін төмендеген жағдайлар да кездесіп тұрады. Қалай десек те, бұл сайттың аудиториясы қалыптасқан. Сайт редакторлары да сол оқырмандардың талғамын зерттеген, ақпаратты беруде де соған мән береді.

Жастар арасында танымал [www.massaget.kz](http://www.massaget.kz) сайтының тақырыптық өзгешелігі

Жастар арасында танымал қазақ тілді [www.massaget.kz](http://www.massaget.kz) сайты отандық ақпарат айдынында өзіндік орнын қалыптастырған. 2011 жылдың 16 желтоқсанында құрылған сайт танымдық, ойынсауық бағытты ұстанады. Сайттан қазақ тілін меңгеруге арналған бағдарламалар, қызықты кітаптардың, кинофильмдердің аудармалары мен студенттерге арналған көмекші материалдар табуға болады. Сондай-ақ, жаңа технология, кино, өнер, әлемдегі қызықтар жайында соңғы жаңалықтарды да оқуға болады. Яғни, бір сөзбен айтқанда бұл нағыз өз уақытында пайда болған сайттардың бірі. Сондықтан болар, өз оқырманын тауып, үздіктер қатарынан көрінуде. Ақпарат беру мәдениетіне тоқталсақ, бұл сайт оқырмандарын ыңғайлы ұяшықтар орналастырып, фоторепортаждарымен тартады.

Оқырмандармен байланыс орнату жағы да қарастырылған. Блогтар мен форумдар оқырман қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Мәселен, соңғы екі айда «Мәдениет» тақырыбындағы форум пікір қалдырушы қолданушысы саны жағынан алда тұр [4]. Бұл саладағы 1094 тақырыпқа 5614 пікір қалдырылған екен. Сонымен бірге әр апта сайын ең үздік блогқа сайыс ұйымдастырылып отырады. Орташа есеппен 60-70 жазба түсіп отырады. Байқап отырсақ, бұл сайт оқырманды, әсіресе, жастарды тарту жолында біраз жұмыстар атқарған. Қазан айында белгілі болған мәліметтерге сүйенсек, бұл сайтты 1 370 180 адам пайдаланған. Солардың ішінде, 309 353-і тұрақты оқырманы болса, 527 560-ы жаңадан қосылған қолданушылар. Көбінесе, елдегі, әлемдегі мәдениет, өнер, спорт жаңалықтары оқырмандар тарапынан жақсы оқылады. Екінші орында сайттың психология бөлімі тұр.

Байқағаным, бұл сайт өзінің оқырмандар аудиториясын қалыптастырып үлгерген. Сол оқырман талғамына орай өз бағытын да тапқан сияқты. Мектеп оқушыларынан бастап 35 жасқа

дейінгі азаматтарды бұл сайттың тұрақты оқырманы атауға болары анық.

[www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz) сайтындағы ақпараттарға талдау

Орыс тілді [www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz) сайты 24 сағат бойы жылдам әрі сапалы ақпарат беруімен ерекшеленді. Сайт сараптамалық мақалалар мен мамандардың белгілі тақырыпта берген пікірлерімен көпшілік көңілінен шығуда. Сайттың тақырыптық бағыты саясат, әлеумет және экономика [5]. Мәселен, мен зерттеуге алған қазан айында сайтта ең көп оқылған, көп пікір қалдырылған тақырыптар елдегі саясат туралы болды. Мәселен, «Путин Еуроодаққа қатаң талаптар ұсынды» деген мақала 35806 рет оқылған. Ал ең көп пікір қалдырылған мақалалар қатарында «Головкин Рубионы екінші раундта накаутқа түсірді» деген материал бар. Бір қазан айында 165 пікір қалдырылған. Материал 6228 рет оқылған.

Бұл сайтта екі маман пікірі арқылы саясат, әлеуметтік тақырыптарда түрлі пікірталастар да ұйымдастырылады. Бұл да өз кезегінде оқырман қауымды қызықтыратыны анық. Соңғы қазан айының өзінде 1 098 083 адам сайттағы мақалаларды оқып, танысқан. 19 937 556 адам сайтты пайдаланған. Бұл сайттың ерекшелігі ол салалық тақырыптарды қозғап, соңғы жаңалықтарды жеткізуге машықтанған.

*[www.zakon.kz](http://www.zakon.kz) сайтының салалық бағыты*

Орыс тілді [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz) сайты елімізде көшбасшы орындардың бірінде тұр. Ақпараттық сайттың мақсаты қалың көпшілікке жылдам түрде жаңалықтарды жеткізу. Бұл сайт та саясат, экономика және әлеуметтік мәселелерді қарастырады. Бірақ [www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz) сайтынан өзгешелігі, ол құқықтық журналистика бағытына көбірек бейімделген. Сонымен бірге заңдарға енгізілген соңғы өзгертулерді де осы жерден таба аласыздар [6].

Соңғы қазан айының ішінде бұл сайтқа 21 460 770 адам кірген. Соның ішінде 2 271 281 қолданушы сайттың тұрақты оқырманы болса, 8 262 968 қолданушы жаңадан қосылғандар. Сайтта ең көп ел назарына іліккен тақырыптар қатарындағы «Қазақстандағы, әлемдегі соңғы жаңалықтар. Қазақстан заңдары» бөлімін 105 698 адам оқыған. Сонымен бірге «Еңбек кітапшасын жүргізу және сақтау» жайлы материалды 27 911 адам оқыған. Бұл сайт халықтың құқықтық білімін жетілдіруге өз үлесін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан бұл сайт та өз оқырмандар аудиториясын қалыптастырып үлгерді деп толық айтуға негіз бар.

Қазақ тілді және орыс тілді сайттар арасындағы мәдени байланыс.

Қазақ тілді сайттарды талдау барысында олардың өзін-өзі құруға және институционалдануға ұмтылып келе жатқаны байқалды. Біріншіден, былтырғы жылы қазақ тілді сайттардың редакторлары бас қосқан алғашқы конференция өткен болатын. Нәтижесінде қазақ тілді сайттар редакторларының клубы құрылған еді. Екіншіден, бизнес мақсаттарды арқау еткен сайттар пайда бола бастады. Мамандардың айтуынша, қазақ тілді сайттар уақыт өте келе бизнес-жобаларды қолға алуға кіріскен. Үшіншіден, қазақ тілді сайттарды құру барысында кәсіпқойлық деңгейі өсуде [7].

Болашақта қазақ тілді сайттардың аудиториясын кеңейтуге қатысты 2 қарама-қайшы пікір бар. Бірі – қазақ тілді сайттарды пайланушылар саны шарықтау шегіне жетті деген пікірді ұстанса, екіншісі – бұл контентті пайдаланушылар санының өсуі екіталай дейді. 2012 жылғы интернеттегі мазмұндық талдауға сүйенсек, қазақ тілді сайттарға деген қызығушылық төмендегенін байқау қиын емес. Сондықтан аудитория ауқымын өсіру үшін қазақ тілді сайттар жаңа деңгейге өтуі қажет.

Алайда қазақ тілді сайттардың редакторлары мен координаторлары пайдаланушылар саны біркелкі қарқынмен өсіп келе жатқанын айтуда. Бұған қоса олар жаңа толқын жастардың қалыптасып келе жатқанына байланысты пайдаланушылар саны едәуір өсетініне сенімді. Еліміздегі көптеген аумақтары интернет желісіне қосылып жатқанына байланысты, қазақ тілді аудитория 90 пайызды құрағандықтан пайдаланушылар саны өсуі әбден мүмкін.

Ал енді қазақ тілді сайттардың қоғамға әсері, мәдени аспектілері туралы сөз қозғасақ, өткен жылдарға көз жүгіртіп бұл салада алға басушылықтың бар екені аңғарылады. Қазақ тілді сайттар елдік мүддеге сай, рухани құндылықтарды жоғары қоюды назардан тыс қалдырмай-

ды. Тіпті сайт редакторлары дәстүрлі БАҚ-тан гөрі сайтта халықтық мүдде мен ұлттық қағидаларға беріктік сақталғанын тілге тиек етуде.

Қоғамдық қайраткерлер мен журналистер қазақ тілді интернет сайттардың рөлі күшейіп келе жатқанын жасырмайды. Мәселен, белгілі бір мәселе қазақ тілді де, орыс тілді де сайтта жазылса, қазақ тілді сайтта бұл ақпарат елдік тұрғыдан көбірек талданады. Бұнымен толық келісуге болады.

Әртүрлі мәдениеттер тоғысқан ортада ақпарат берудің өзіндік қиындықтары бар. Мәселе, ақпаратты сол белгілі ортадағы мәдениет тұрғысынан да, баспасөз не сайт тұрғысынан да тиімді әрі өтімді етіп жеткізе білуде. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұның маңызы артып келеді. Әр мәдениетті түсініп, оның басты ұстанған қағидаларын түсіну үшін сырттай бақылаушы емес, сол ортаның ішкі мақсат-мүдделерін түсінген абзал. Ол үшін бұл қандай қағидалар деген сұрақтарға жауап іздеу қажет. Әртүрлі мәдениеттер арасындағы белсенді қарым-қатынасты түсіну үшін жаңадан қалыптасқан және өзгеріп тұратын қарым-қатынастар мәдениетін бір уақытта әрі лезде сараптап, талдап отырған жөн [8]. Міне, сонда ғана ақпарат берудегі мәдени аспектілер дамиды.

Осы орайда сөз етіп отырған отандық ақпарат айдынындағы қазақ тілді және орыс тілді сайттарды назарға алған едім. Екеуінің ақпарат, жаңалық беру мәдениеті әртүрлі. Қазақ тілді сайттар өз кезегінде ұлттық мүдде, отан, намыс, рух тақырыбын арқау етіп, патриоттық тәрбиеге көбірек көңіл бөліп келсе, орыс тілді сайттар бұл тақырыптардан гөрі әлемдік немесе отандық саяси жаңалықтармен оқырманын жаулауда. Екеуінің де оқырмандар аудиториясы қалыптасқан. Екі контент арасындағы мәдени байланыс міндетті түрде болады. Зерттеудің нәтижесінде енді дамып келе жатқан қазақ тілді контенттің алға жылжуы жастар қауымына байланысты екенін аңғардым.

#### Әдебиеттер

- 1 Омашев Н. Қазақ журналистикасы. 3-ші том. – Алматы, 2008. -236.
- 2 Першке Г. Журналистика как отрасль духовного производства // Основные понятия теории журналистики. – М., 1993. – 68 б.
- 3 [www.spik.kz/](http://www.spik.kz/) Конференция о развитии интернет-журнализма.
- 4 Nezhina T. and Ibrayeva A. Explaining the Role of Culture and Traditions in Functioning of Civil Society Organizations in Kazakhstan // *Voluntas: International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations* Vol. 24, No. 2 (June 2013). – P. 335-336.
- 5 [www.zero.kz/](http://www.zero.kz/) Рейтинг казахстанских сайтов.

- 6 Morris J., Rulova N. and Strukov V. Introduction: New Media in New Europe-Asia // Europe-Asia Studies Vol. 64. – No. 8, (October 2012). – P. 1349-1355.
- 7 Roberts Sean R. Doing the Democracy Dance in Kazakhstan: Democracy Development as Cultural Encounter// Slavic Review Vol. 71, No. 2 (SUMMER 2012). – P. 308.
- 8 Bardhan N., Weaver C.Kay How intercultural communication theory informs public relations practice in global settings// Public relations in global cultural contexts New York and London, 2011. – P. 50-52.

#### References

- 1 Omashev N. Kazaq zhurnalistikasy. 3-shi tom. –Almaty,2008. -23b.
- 2 Pershke G. Zhurnalistika kak otrasl' duhovnogo proizvodstva, v sb.: Osnovnye ponyatiya teorii zhurnalistiki. M.,1993. -68b
- 3 www.spik.kz/ Konferentsiya o razvitii internet-zhurnalizma.
- 4 Nezhina T. and Ibrayeva A. Explaining the Role of Culture and Traditions in Functioning of Civil Society Organizations in Kazakhstan // Voluntas:International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations Vol. 24, No. 2 (June 2013), pp. 335-336.
- 5 www.zero.kz/ Reiting kazakhstanskikh saitov.
- 6 Morris J., Rulova N. and Strukov V. Introduction: New Media in New Europe-Asia // Europe-Asia Studies Vol. 64, No. 8, (October 2012), pp. 1349-1355.
- 8 Roberts Sean R. Doing the Democracy Dance in Kazakhstan: Democracy Development as Cultural Encounter// Slavic Review Vol. 71, No. 2 (SUMMER 2012), pp. 308.
- 10 Bardhan N., Weaver C.Kay How intercultural communication theory informs public relations practice in global settings// Public relations in global cultural contexts New York and London, 2011. pp. 50-52.